

**Коммерциялық емес  
акционерлік қоғам**



АЛМАТЫ  
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ  
БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақ және орыс тілдері  
кафедрасы

## **КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған  
әдістемелік нұсқаулықтар және терминдер сөздігі

Алматы, 2014

Құрастырушылар: Төлеуп М.М., Әлмұхаметова Г.С., Советова З.С.  
Кәсіби қазақ тілі: 5В071800 – Электр энергетикасы мамандығы  
студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулықтар және терминдер  
сөздігі. - Алматы: АЭЖБУ, 2014. - 32 б.

Әдістемелік нұсқаулық орыс тілінде білім алатын 5В071800 – Электр энергетикасы мамандығында оқитын студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқаулықты жазудағы басты мақсат – студенттерге мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйрету арқылы техникалық терминдердің мән мағынасын түсіндіріп меңгерту, мамандыққа байланысты қазақ тіліндегі сөздерді үйретіп, сөздік қорын байыту.

Кесте – 3, әдеб. көрсеткіші – 10 атау.

Пікір беруші: доцент Койлыбаева Р.К.

«Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2014 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2014 ж.

## Алғы сөз

Бүгінде жоғары оқу орындарында, әсіресе техникалық жоғары оқу орындарында мемлекеттік тілді оқыту сапасының деңгейін көтеруге, кәсіби тілді меңгертуге байланысты жұмыстар жүргізу күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. Терминдерді оқытудың басты мақсаты – болашақ маманға мамандыққа байланысты қазақ тіліндегі сөздерді үйретіп, сөздік қорын байыту.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық 5B071800 – Электр энергетикасы мамандығында оқитын студенттерге арналған. Әдістемелік нұсқаулықты жазудағы басты мақсат – мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйрету арқылы техникалық терминдердің мән мағынасын түсіндіріп меңгерту және олардың қолдану дағдысын қалыптастыру. Әдістемелік нұсқаулықта 5B071800 – Электр энергетикасы мамандығына қатысты терминдердің жасалу жолдары, терминдердің мағынасын түсінуге септігін тигізетін тапсырмалар, мәтіндерге арналған сөздіктер және энергетика саласына қатысты терминдер сөздігі берілген. Сөздік құрастыру барысында энергетика саласына қатысты әдебиеттер зерделенді. Білім алушылардың мамандығына байланысты термин сөздерді үйрету арқылы танымдық, тәрбиелік, білімдік мақсаттарды жүзеге асырумен қатар, заман талабына сай кәсіби біліммен қаруланған, жоғары білікті маман иесі болуға студенттің өзіндік даярлығын қалыптастыру мақсаты көзделді.

# 1 Кәсіби терминдерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар


## 1.1 Терминдер және олардың жасалу тәсілдері

Термин (лат. *terminus* шек, шекара) – ғылым, техника, өндіріс, өнер саласындағы белгілі бір ұғымды атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері.

Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды. Олай болса терминжасамда сөзжасамның тәсілдері қолданылады.

Энергетика терминдерінің сөзжасамдық тәсілдері төмендегідей бөлінеді (1-кестені қараңыз).

1-кесте – Энергетика терминдерінің сөзжасамдық тәсілдері



1-тапсырма. Мәтіннен терминдерді теріп жазыңыз, олардың түсіндірме сөздігін жасаңыз.

*Үлгі: Электр тогы – электр зарядтарының бағытталған қозғалысы.*

### Тұрақты токтың электр тізбектері

Қарапайым электр тізбегі электр энергиясының көзінен, энергия тұтынушыдан және энергия көзі мен тұтынушыны байланыстыратын екі өткізгіш жалғастырушы сымдардан тұрады. Жалғастырушы өткізгіш сымдар электр энергиясының көзіне оң және теріс полюстер деп аталатын екі қысқыш арқылы қосылады.

Электр энергиясының көзі *механикалық, химиялық, жылулық* т.б. энергия түрлерін электр энергиясына түрлендіреді. Тұтынушыда электр энергиясы басқа энергия түрлеріне (механикалық, жылулық, химиялық, жарық т.б.) айналады. Электр энергиясының көзіне генераторлар қандай да болмасын механикалық қозғалтқыштармен қозғалысқа келетін электр машиналары, аккумуляторлар және гальваникалық элементтер жатады. Электр тұтынушылары ретінде жарықтандырғыш шамдар, электр қозғалтқыштары, электрқызырғыш аспаптар т.б. пайдаланылады.

Гальваникалық элементтерде, аккумуляторларда бірінші жағдайда гальваникалық элементтер батареяларын, екінші жағдайда аккумулятор батареяларын құру үшін бір-бірімен жалғастырылады. Электр энергиясының көзі оған өткізгіш сымдар арқылы қосылған энергия тұтынушымен бірге тұйықталған электр тізбегін құрады. Тұйықталған электр тізбегінде үздіксіз зарядтар қозғалысы пайда болады, оны *электр тогы* деп атайды.

2-тапсырма. Берілген терминдердің түсіндірмесін аударыңыз.

*Пайдалы әсер коэффициенті* – 1) пайдалы қуаттың толық қуатқа қатынасы; 2) пайызбен өрнектелетін, шығарылған қуаттың алынған қуатқа қатынасы.

*Электр қозғаушы күш* – индукцияланған электр өрісінің электр тогын тудыру қабілетін сипаттайтын шама.

*Тұрақты токтың электр жетегі* – тұрақты токтың электр қозғалтқыш құрылғысы бар электр жетегі.

*Қысқа тұйықталу* – жүйенің калыпты жұмыс жағдайларында қарастырылмаған, фазалар оқшауламасы бұзылуының салдарынан фазалар арасындағы немесе фазалар мен жер арасындағы қосылыс.

3-тапсырма. Дұрыс сәйкестігін табыңыз.

1	тұрақты ток	1	электронагревательные приборы
2	қарапайым электр тізбегі	2	непрерывное движение зарядов
3	электрқыздырғыш аспаптар	3	источник электрической энергии
4	тұйықталған электр тізбегі	4	двигатель
5	қысқыш	5	простейшая электрическая цепь
6	үздіксіз зарядтар қозғалысы	6	осветительные лампы
7	қозғалтқыш	7	электрический ток
8	электр энергиясының көзі	8	зажим
9	электр тогы	9	постоянный ток
10	жарықтандырғыш шамдар	10	замкнутая электрическая цепь

4-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен сөйлем құраңыз.

Тұрақты токтың электр тізбегі, жарықтандырғыш шамдар, электр қозғалтқыштары, электрқыздырғыш аспаптар, үздіксіз зарядтар қозғалысы.

5-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

Электрический ток неразрывно связан с электрическими и магнитными полями. При переменном токе эти поля также изменяются во времени. Это приводит к тому, что процессы в цепях переменного тока носят значительно более сложный характер, чем при постоянном токе, поскольку изменяющееся магнитное поле наводит ЭДС, а изменение электрического поля приводит к изменению зарядов проводников. Происходит в цепи преобразование электромагнитной энергии в другие виды (чаще всего в тепло), и часть энергии излучается в виде радиоволн. В электрической цепи нельзя выделить

участка, с которым не были бы связаны эти явления. Рассматривать все явления одновременно нет возможности. Поэтому реальные электрические цепи заменяют идеализированными или схемами, учитывающими одно из вышеуказанных явлений. Пассивными элементами схемы на переменном токе являются активное сопротивление, индуктивность и ёмкость.

Активное сопротивление представляет собой элемент, учитывающий преобразование электрической энергии в другие виды (чаще всего в тепло). Индуктивность – это элемент, учитывающий энергию магнитного поля и явление самоиндукции. Ёмкость представляет собой элемент, учитывающий энергию электрического поля.

### 1.1.1 Синтетикалық тәсіл

Энергетика саласына байланысты терминдер *синтетикалық тәсіл* арқылы, яғни сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалады. Мысалы: *ажыратқыш (выключатель), сырғыма (скольжение), өлшем (мера), тізбек (цепь), сорғы (насос), беріктік (прочность), ағын (поток), тербеліс (колебание), өлшеуіш (измеритель)* т.б.

6-тапсырма. Үлгі бойынша мамандыққа байланысты әдебиеттерден мысалдар теріп, терминдер қатарын толықтырыңыз.

Үлгі:

-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш	қозғалтқыш (двигатель)...., ..., ...
-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	қоспа (смесь)...., ..., ...
-ым, -ім, -м	айналым (оборот)...., ..., ...
-ық, -ік, -қ, -к	сызық (линия)...., ..., ...
-ғы, -гі, -қы, -кі	сүзгі (фильтр)...., ..., ...
-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	жиілік (частота)...., ..., ...
-ын, -ін, -н	толқын (волна)...., ..., ...
-ыс, -іс, -с	үйкеліс (трение)...., ..., ...
-уыш, -уіш	реттеуіш (регулятор)...., ..., ...

7-тапсырма. Мәтіннен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерді тауып, жасалу жолдарына назар аударыңыз.

### Синусоидалы токтардың электр тізбектері

*Синусоидалы (айнымалы) ток* деп синус заңдылығымен өзгеретін токты айтады.

Айнымалы ток электр энергиясын алыс қашықтықтарға тиімді жеткізіп беруді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар айнымалы токтың қозғалтқыштары құрылымының қарапайымдылығымен және көлемі шағын болуымен

ерекшеленеді. Сондықтан айнымалы ток өте кең қолданылады және электр энергиясының барлығы дерлік айнымалы ток генераторлары арқылы өндіріледі.

Электр магниттік ЭҚК шамасы магнит индукциясына, сымның активті кедергісіне, өткізгішті қиып өтетін магнит күштік сызықтардың жылдамдығына және магнит индукциясының векторы мен жылдамдық векторы бағыттарының арасындағы синус бұрышына тәуелді болады.

Синусоидалы токтың әрекеттік мәні жылулық эффектімен бағаланады. Айнымалы токпен өндірілген жылулық әсерді бағалау үшін, тұрақты токтың жылулық әсерімен салыстырылуы керек. Бұл үшін бір кедергіде алдымен, тұрақты токты, содан соң айнымалы токты жіберіп, периодқа тең уақытта бөлініп шыққан жылу мөлшері теңдестіріледі. Жылу мөлшері Ленц-Джоуль формуласымен анықталады.

8-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.

Тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз ету, электрлік түрлендіргіш, электр жетегін басқаратын құрылғы, үшорамалы трансформатор, үшфазалы қысқа тұйықталу, трансформатордың бос жүріс тогы, диэлектриктің лақпа тогы, асқын жүктеме тогы.

9-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып, сөйлемдерді аударыңыз.

Электр машиналары электр стансалары..., өндіріс..., авиация..., автоматты басқару және реттеу жүйелері..., тұрмыс... кеңінен қолданылады. Олар механикалық энергия... электр энергиясына және керісінше электр энергиясы... механикалық энергияға түрлендіреді. Механикалық энергияны электр энергиясы... түрлендіретін машина генератор деп аталады. Электр энергиясын механикалық энергия... қозғалтқыш арқылы түрлендіреді.

10-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді қазақ тіліне аударыңыз.

(В замкнутой цепи) электр тогы энергия көзінің электр қозғаушы күші әсерінен ағады. (При отсутствии тока в цепи), яғни тізбек ажыратылған кезде энергия көзінде ЭҚК пайда болады. Тізбекте ток жоқ болған жағдайда да ЭҚК энергия көзінің қысқыштарындағы потенциалдар айырымына тең. (Так же, как и разность потенциалов), ЭҚК вольтпен көрсетіледі.

Тұйықталған электр тізбегінде де, ажыратылған тізбекте де ЭҚК (на зажимах источника энергии) потенциалдар айырымын үзбей ұстап тұрады. Тұйықталған тізбекте (для непрерывного протекания тока) энергия көзі ішіндегі (движение зарядов) электр өрісі күшінің әсеріне қарама-қарсы бағытталған болуы керек. Зарядтардың мұндай қозғалысы (под действием сил, приложенных извне) болады.

ЭҚК бар екеніне көз жеткізу үшін (к полюсам источника энергии) жалғастырушы өткізгіш сымдар орнына вольтметр деп аталатын аспапты қосса болғаны. Ол кезде (стрелка вольтметра) белгілі бір бұрышқа ауытқиды.

## 1.1.2 Лексика-семантикалық тәсіл

*Лексика-семантикалық тәсілде* сөздің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла бастайды. Сөздің тек мағынасында өзгеріс болғандықтан, бұл тәсіл лексика-семантикалық тәсіл аталған. Мысалы, энергетика саласындағы *көз, қор, шама, өріс, желі* т.б. терминдердің мағыналары тілдегі түрлі қолданыста қалыптасқан (2-кестені қараңыз).

2-кесте – Энергетика терминдерінің лексика-семантикалық тәсілі

мысал	мағыналары	энергетика саласына байланысты мысалдар
көз	1) көру мүшесі; 2) бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.	энергия көзі (источник энергии), жарық көзі (источник света)
қор	1) мол жиналған қазына, байлық; 2) бір нәрсенің жиналып қалған запасы.	энергия қоры (запас энергии, энергоресурс), апаттық қор (аварийный резерв)
шама	1) адам бойындағы күш, қуат; 2) заттың болжалды көлемі, мөлшері.	шаманың сынақтық мәні (испытательное значение величины), шаманың кепілдік мәні (гарантируемое значение величины)
өріс	1) мал жайылымдық жер; 2) даму, өркендеу.	электр өрісі (электрическое поле), магнит өрісі (магнитное поле)
желі	1) негіз, арқау, өзек; 2) байланыс, жалғастық, сабақтастық.	электр желісі (электрическая линия), байланыс желісі (линия связи)

11-тапсырма. Сөйлемдердегі лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің мағынасын түсіндіріңіз.

1. Тізбектегі айнымалы синусоидалы ток синусоидалы электр қозғаушы күшінің әрекетінен ауады.



2. Тұйықталған өткізгішті магнит өрісінде айналдырғанда осы өткізгіште индукцияланған ЭҚК шамасын анықтауға болады.

3. Айнымалы токтың қуаты кернеу мен токтың көбейтіндісімен анықталатыны белгілі.



12-тапсырма. Сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Үлгі: ток көзі, ... ..



13-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.

Источник электрической энергии, источник электродвижущей силы, источник тока, электростатическое поле, блуждающие токи, выключатель нагрузки, короткое замыкание, линия электропередачи, вихревое электрическое поле, внутреннее сопротивление источника тока, двигатель переменного тока, генератор электрических колебаний, зависимый источник тока, заземляющий провод.

14-тапсырма. Берілген терминдердің дұрыс баламасын табыңыз.

1	ток көзінің ішкі кедергісі	1	вторичный ток
2	көмекші электр жетегі	2	замкнутая электрическая цепь
3	екінші реттік ток	3	вихревые токи
4	жоғары жиілікті кабель	4	внутреннее сопротивление источника тока
5	айнымалы ток қозғалтқышы	5	короткое замыкание
6	рұқсат етілген апаттық асқын жүктеме	6	единая энергетическая система
7	тұйықталған электр тізбегі	7	высокочастотный кабель
8	қысқа тұйықталу	8	вспомогательный электропривод
9	біртұтас энергетикалық жүйе	9	двигатель переменного тока
10	құйынды токтар	10	допустимая аварийная перегрузка
11	трансформатордың қысқа тұйықталу кернеуі	11	нагреватель сопротивления
12	кедергілік қыздырғыш	12	напряжение короткого замыкания трансформатора

15-тапсырма. Сөздерді орнына қойып, сөйлемдер құрастырыңыз.


1. Магнитөткізгіші //жасалады //трансформатордың //арнайы //болаттан //электртехникалық.
2. Болаттың //жоғары //өткізгіштігі //электрмагниттік.
3. Сондықтан //оның //тұйықталған //желіде //болады //электр //төмен //ағынына //кедергісі //магнит.
4. Электр //арқылы //синхронды //өндіру //генераторлар //өнеркәсіптік //энергиясын //атқарылады.
5. Олардың //теория //қуаттылығын //жасауға// шексіз //етіп //жүзінде //болады.
6. Бірфазалы //реттеуіштер //қолданылады //индукциялы //сирек.
7. Электр //басқару //кеңінен //жүйелерінде //машиналары //автоматты //қолданылады.
8. Механикалық //олар // түрлендіреді// энергияны// энергиясына// электр.
9. Электр //механикалық //энергиясын //түрлендіреді //қозғалтқыш //энергияға //арқылы.
10. Асинхронды //қарапайым //қозғалтқыштың //құрылысы.

### 1.1.3 Аналитикалық тәсіл

Сөзжасамның аналитикалық тәсілі, яғни сөздердің тіркесуі, бірігуі, қосарлануы, қысқартылуы арқылы термин атауын жасау терминологияда өнімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Энергетика терминдерінің *аналитикалық тәсілі* тірек-сызба негізінде берілді (3-кестені қараңыз).

3-кесте – Энергетика терминдерінің аналитикалық тәсілі



Сөздердің қысқартылуы арқылы жасалған терминдер: *ЭҚК (ЭДС)* – электр қозғаушы күш (электродвижущая сила), *ЖҚҚ (ПВД)* – жоғары қысымды қыздырғыш (подогреватель высокого давления), *ТҚҚ (ПНД)* – төмен қысымды қыздырғыш (подогреватель низкого давления), *ТПЕ (ПТЭ)* – техникалық пайдалану ережелері (правила технической эксплуатации).

16-тапсырма. Бірінші бағанда берілген терминдердің дұрыс түсініктемесін екінші бағаннан табыңыз.

қозғалтқыш	үшфазалы электр жүйесіндегі үш фаза арасындағы қысқа тұйықталу
қысқыш	электр техникалық құрылғыда белгілі бір қызмет атқаратын орамдардың немесе орауыштардың жиынтығы
тұйықталған тізбек	электр энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін машина
үшфазалы қысқа тұйықталу	құрылғыны сыртқы өткізгіштермен жалғауға арналған құрылым
орама	шамасы ең үлкен номиналь мәнінен асып кететін кернеу
бірфазалы құрылғы	электр тізбектерін көп мәрте қосуға және ажыратуға арналған коммутациялық аппарат
асқын кернеу	бірфазалы қуат көзі немесе бірфазалы көзден қуат алатын құрылғы
ажыратқыш	электр тогы болуы мүмкін үздіксіз тізбек
тұтынушы жүктемесі	бір жиіліктегі айнымалы токты басқа жиіліктегі айнымалы токқа түрлендіретін машина
жиілік түрлендіргіш	белгіленген уақыт сәтіндегі энергетикалық қондырғы тұтынатын қуат немесе жылу мөлшері

17-тапсырма. Мәтіннен терминдерді тауып, олардың жасалу тәсілдеріне қарай үш бағанға бөліп жазыңыз.

### Өзара индукциялы ЭҚК

Параллель өткізгіштердегі индукциялық токтардың туу құбылысы *өзара индукция* деп аталады.

Өзара индукция тек қана токтардың пайда болу және жоғалу кездерінде ғана емес, сонымен қатар токтың қандай да болмасын өзгергенінде де бақыланады. Тікелей ток көздері жоқ тізбектерде осындай жағдайларда туатын ЭҚК *өзара индукциялы ЭҚК* деп аталады. Өзара индукциялы ЭҚК пайда болуын тұйықталған өткізгіштің контурын көрші өткізгіш арқылы жүріп жатқан токтан туатын өзгеріп отыратын магниттік ағынның тесіп өтуімен түсіндіріледі.

Өзара индукция құбылысы трансформаторларда қолданылады. Кейбір жағдайларда өзара индукция құбылысы зиянды әсер етеді. Мысалы, жоғары вольтты тізбектердің сымдары байланыс жүйесінің сымдарымен жақындасқанда өзара индукция бөгеулік көзі болып қана қоймай, байланыс сымдарында аса қауіпті кернеу индукциялануы мүмкін.

18-тапсырма. Мағыналық жағынан тіркесетін сөздерді табыңыз, аударыңыз.

1	тұтыну	1	генератор
2	электр шығынын	2	қор
3	синхронды	3	статор
4	механикалық	4	өрісі
5	энергетикалық	5	сызығы
6	электр қозғаушы	6	желілері
7	магнит	7	азайту
8	қозғалмайтын	8	ток
9	электр жеткізу	9	күш
10	жоғары кернеулі	10	түзеткіш

19-тапсырма. Белгіленген сөздерге қарама-қарсы мәндегі сөздерді, асты сызылған сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз.

1. Бірфазалы индукциялы реттеуіштер сирек қолданылады.
2. Үшфазалы трансформаторлардың орамаларын қосу.
3. Өзіндік индукцияның ЭҚК токтың артуына кедергі жасайды.
4. Екіншісі – теріс зарядталған.
5. Ом заңы бойынша құйынды токтың күші азаяды.
6. Тұрақты ток генераторлары арасында ерекше кең тарағандары: параллель және аралас қыздырғыштары бар генераторлар.
7. Термоэлементте қыздырғыштың ішкі энергиясы электр энергиясына түрленеді.
8. Өткізгіштердің көлденең қимасы бірдей.
9. Электр жетегі – қазіргі автоматты басқару жүйелерінің ішіндегі маңызы бар техника саласы.
10. Бірнеше атомдардан құралған иондар күрделі иондарға жатады.

20-тапсырма. Сөз тіркестерін аударыңыз.

- 1) перенапряжение –
- 2) возобновляемая энергия –
- 3) высокочастотный прибор –
- 4) двигатель постоянного тока –
- 5) измерительные приборы –
- 6) линии передачи энергии –
- 7) мощность напряжения –
- 8) электрическое замыкание –

- 9) направление тока –
- 10) двигатель малой мощности –
- 11) электробезопасность –
- 12) напряжение генератора –
- 13) движущиеся заряженные частицы –
- 14) электрическое сопротивление проводника –
- 15) контактное соединение –
- 16) электрическое распределительное устройство –
- 17) напряжение короткого замыкания трансформатора –
- 18) переносное электрооборудование –
- 19) полупроводниковый электропривод –
- 20) электрическое напряжение –

## 2 Қазақша-орысша терминологиялық сөздік

### А

ағын – поток

*ағын сызығы – линия тока*

*ағынның турбуленттік ядросы – турбулентное ядро потока*

ағынша – струя

ағыстатқыш – обтекатель

ажырамалы – разъемный

*ажырамалы ток трансформаторы – разъемный трансформатор тока*

ажыратқыш – выключатель

*автоматтық ажыратқыш – автоматический выключатель*

*ажыратқыш модулі – модуль выключателя*

*вакуумдық ажыратқыш – вакуумный выключатель*

*жүктеме ажыратқышы – выключатель нагрузки*

*күштік ажыратқыш – силовой выключатель*

*тез әрекетті ажыратқыш – быстродействующий выключатель*

*майлы бактық ажыратқыш – масляный баковый выключатель.*

*электромагниттік ажыратқыш – электромагнитный выключатель*

ажырату – выключение, отключение, размыкание

*ажырату тогы – ток отключения*

*ажырату уақыты – время отключения, время размыкания*

айналма – циркуляция, кольцевой

*айналма жиілігі – частота циркуляции*

*айналма сұлба – кольцевая схема*

*айналма торап – кольцевая сеть*

айналмалы – вращательный, вращающийся

*айналмалы ток машинасы – вращающаяся машина переменного тока*

*айналмалы трансформатор – вращающийся трансформатор*

*айналмалы электр жетегі – вращательный электропривод*

*айналмалы электр қозғалтқышы – вращающийся электродвигатель*

айналу – вращение

*айналу жиілігі – частота вращения*

*айналу жылдамдығы – скорость вращения*

айнымалы – переменный

*айнымалы жұмыс режимі – переменный режим работы*

*айнымалы кернеу – переменное напряжение*

*айнымалы магнит өрісі – переменное магнитное поле*

*айнымалы өріс – переменное поле*

*айнымалы ток – переменный ток*

*айнымалы ток генераторы – генератор переменного тока*

*айнымалы ток қозғалтқышы – двигатель переменного тока*

*айнымалы шама – переменная величина*

*айнымалы электр тогы – переменный электрический ток*  
*айырғыш, айырғы – разъединитель*  
*айырғыш-сақтандырғыш – предохранитель-разъединитель*  
*апат – авария*  
*апаттық жағдай – аварийная ситуация*  
*апаттық режім – аварийный режим*  
*трансформатордың апаттық режімі – аварийный режим трансформатора*  
*асинхронды – асинхронный*  
*асинхронды айналу жиілігі – асинхронная частота вращения*  
*асинхронды генератор – асинхронный генератор*  
*асинхронды жіберу – асинхронный пуск*  
*асинхронды қозғалтқыш – асинхронный двигатель*  
*асинхронды қозғалтқыштың айналдырушы моменті – вращающий момент асинхронного двигателя*  
*асинхронды қозғалтқыштың механикалық сипаттамасы – механическая характеристика асинхронного двигателя*  
*асинхронды машина – асинхронная машина*  
*асинхронды электр жетегі – асинхронный электропривод*  
*асинхронды электрқозғалтқыш – асинхронный электродвигатель*  
*қысқа тұйықталған роторлы асинхронды машина – асинхронная машина с короткозамкнутым ротором*  
*асқын жүктеме – перегрузка*  
*асқын жүктеме тогы – ток перегрузки*  
*асқын кернеу – перенапряжение*  
*асқын кернеу толқыны – волна перенапряжения*  
*асқын өткізгіш – сверхпроводник*  
*асқын өткізгіш кабель – сверхпроводящий кабель*  
*асқын өткізгіш талсым – сверхпроводящая жила*  
*рұқсат етілген апаттық асқын жүктеме – допустимая аварийная перегрузка*  
*ауа – воздух*  
*ауа алмасу – воздухообмен*  
*ауа құрғатқыш – воздухосушитель*  
*ауа қыздырғыш – воздухомангреватель*  
*ауа сорғысы – воздушный насос*  
*ауа таратқыш – воздухораспределитель*  
*ауа үрлегіш – воздуходувка*

## Ә

*әлсіз ток – слабый ток*  
*әрекет, әрекет ету – действие*

*әрекет ету аймағы – зона действия*  
*әрекет ету уақыты – время действия*  
әрекет етуші – действующий  
*әрекет етуші синусоидалы ток – действующий синусоидальный ток*  
*әрекет етуші шама – воздействующая величина*  
әсер ету – воздействие  
әсер етуші шама – влияющая величина  
әсер етуші шаманың мәні – значение воздействующей величины  
әуе электр желісі – воздушная электрическая линия  
*әуе электр берілісі желілерінің оқшауламасы – изоляция воздушных линий электропередачи*

## **Б**

балама – эквивалент  
баяулатқыш – замедлитель  
*баяулатқыш кернеу – замедляющее напряжение*  
бойлық – продольный  
*бойлық ағыстау – продольное обтекание*  
*бойлық-көлденең қима – продольно-поперечное сечение*  
*бойлық қадам – продольный шаг*  
*бойлық қима – продольное сечение*  
*бойлық ойық – продольный паз*  
бос жүріс – холостой ход  
*бос жүріс кедергісі – сопротивление холостого хода*  
*бос жүріс сипаттамасы – характеристика холостого хода*  
*бос жүріс тогы – ток холостого хода*  
*бос жүріс шығындары – потери холостого хода*  
буландырғыш – испаритель  
білік – вал  
*білік орамасы – обмотка вала*  
*бірінші реттік орама – первичная обмотка*  
бірфазалы құрылғы – однофазное устройство  
бірфазалы тізбек – однофазная цепь  
бірфазалы электр желісі – однофазная электрическая линия

## **В**

вакуум – вакуум  
*вакуумдық ажыратқыш – вакуумный выключатель*  
*вакуумдық қондырғы – вакуумная установка*  
*вакуумдық түзеткіш – вакуумный выпрямитель*



векторлық өріс – векторное поле

*векторлық өрістің құйыны – вихрь векторного поля*

векторлық шама – векторная величина

вентильдік – вентильный

*вентильдік қасиет – вентильное свойство*

## Г

генератор – генератор

*генератордың бос жүріс ережесі – правила холостого хода генератора*

*генератордың бос жүрісі – холостой ход генератора*

*генератордың білігі – вал генератора*

*генератордың жұмысы – работа генератора*

*генератордың жүктемелері – нагрузки генератора*

*генератордың қасиеттері – свойства генератора*

*генератордың қозғалтқышы – двигатель генератора*

*генератордың қоздыру орамасы – обмотка возбуждения генератора*

*генератордың қысқыштары – зажимы генератора*

*генератордың сыртқы сипаттамасы – внешняя характеристика генератора*

## Д

дәстүрлі энергия көздері – традиционные источники энергии

дәстүрлі емес – нетрадиционный

*дәстүрлі емес энергия – нетрадиционная энергия*

*дәстүрлі емес энергия көзі – нетрадиционный источник энергии*

диэлектрлік – диэлектрический

*диэлектрлік беріктік – диэлектрическая прочность*

*диэлектрлік қыздырғыш – диэлектрический нагреватель*

*диэлектрлік өтімділік – диэлектрическая проницаемость*

*диэлектрлік шығындар – диэлектрические потери*

доға – дуга

*аппарат полюсінің доға уақыты – время дуги полюса аппарата*

*доға сөндіргіш камера – дугогасительная камера*

*догалық пеш – дуговая печь*

*догалық шам – дуговая лампа*

*көп полюсті аппараттың доға уақыты – время дуги многополюсного аппарата*

дөңгелек талсым – круглая жила

дірілдеткіш – вибратор

## Е

екпіндеу уақыты – время разгона  
екі бағыттық әрекетті түйіспе – контакт двустороннего действия  
екі бірдей қысқа тұйықталу – двойное короткое замыкание  
екіқабатты оқшаулама – двухслойная изоляция  
екіқабатты орама – двухслойная обмотка  
екінші реттік – вторичный  
*екінші реттік кернеу – вторичное напряжение*  
*екінші реттік тізбек – вторичная цепь*  
екіорамалы трансформатор – двухобмоточный трансформатор  
екіөлшемді қозғалыс – двухмерное движение  
екісымды желі – двухпроводная линия  
екітізбекті электр желісі – двухцепная электрическая линия  
екіфазалы қысқа тұйықталу – двухфазное короткое замыкание  
елеуіш машина – рассеивочная машина  
еркін тербеліс – свободное колебание

## Ж

жазық ағынша – плоская струя  
жайма – развертка  
жарма – ярм  
*жарманың активті қимасы – активное сечение ярма*  
желдеткіш – вентилятор  
*желдеткіш машина – вентиляционная машина*  
желдету, желдетпе – вентиляция  
*желдету жүйесі – вентиляционная система*  
*желдету қондырғысы – вентиляционная установка*  
желі, сызық – линия  
*екісымды желі – двухпроводная линия*  
*желілік оқтауша оқтаулатқыш – линейный стержневой изолятор*  
жерге қосу – заземление  
жерлестіргіш – заземлитель  
жетек – привод  
жиілік – частота  
*жиілік түрлендіру агрегаты – агрегат преобразования частоты*  
жүктеме – нагрузка, загрузка, перегрузка  
*жүктеме режимі, жүктемелік режим – режим нагрузки*  
*жүктемелік кедергі – нагрузочное сопротивление*  
*жүктемелік сипаттама – нагрузочная характеристика*  
*рұқсат етілген апаттық асқын жүктеме – допустимая аварийная перегрузка*

## З

заряд – заряд

*заряд тасушы – носитель заряда*

*заряд тасымалдаушылардың индукциясы – индукция носителей заряда*

зарядтау – зарядить

*зарядтау құрылғысы – зарядное устройство*

*зарядтау режимі – режим заряда*

## И

индуктивті – индуктивный

*индуктивті кедергі – индуктивное сопротивление*

*индуктивті орама – индуктивная обмотка*

*индуктивті орауыш – индуктивная катушка*

*индуктивті ток – индуктивный ток*

*индуктор шықпасы – вывод индуктора*

индукцияланған – индуктированный

*индукцияланған асқын кернеулер – индуктированные перенапряжения*

*индукцияланған электр өрісі – индуктированное электрическое поле*

индукциялау – индуктирование

инфрақызыл – инфракрасный

*инфрақызыл қыздырғыш – инфракрасный нагреватель*

*инфрақызыл сәулешығарғыш – инфракрасный излучатель*

## К

кабель – кабель

*жогары жиілікті кабель – высокочастотный кабель*

*иілгіш кабель – гибкий кабель*

*кабель өндірісінде қолданылатын оқшауламалық материалдар – изоляционные материалы, применяемые при производстве кабелей*

*көпталсымды кабель – многожильный кабель*

*күштік кабель – силовой кабель*

*құрама кабель – комбинированный кабель*

*қыздырғыш кабель – нагревательный кабель*

*резеңке оқшауламасы бар күштік кабельдер – силовые кабели с резиновой изоляцией*

*сіндірілген қағазды оқшауламасы бар күштік кабель – силовые кабели с пропитанной бумажной изоляцией*

*төртталсымды күштік кабельдер – четырехжильные силовые кабели*

*шиырмалы кабель – спиральный кабель*

кедергі – сопротивление

*активті кедергі – активное сопротивление*

*активті электрлік кедергі – активное электрическое сопротивление*

кернеу – напряжение

*кернеу деңгейі – уровень напряжения*

*кернеу көзі – источник напряжения*

*кернеу күшейткіші – усилитель напряжения*

*кернеу орамасы – обмотка напряжения*

*кернеу трансформаторы – трансформатор напряжения*

*кернеу трансформаторының екінші реттік кернеуі – вторичное напряжение трансформатора напряжения*

*кернеу шамасы – мощность напряжения*

*кернеу шектеуіш – ограничитель напряжения*

*кернеудің қалпына келуі – восстановление напряжения*

*электр кернеуі – электрическое напряжение*

коммутациялық – коммутационный

*коммутациялық қосымша ток – коммутационный дополнительный ток*

*коммутациялық негізгі ток – коммутационный основной ток*

күшейткіш – усилитель

*магниттік күшейткіш – магнитный усилитель*

кірме – ввод

*қағаз оқшауламалы кірме – ввод с бумажной изоляцией*

*құйылған оқшауламалы кірме – ввод с литой изоляцией*

*майлы-қағазды оқшауламалы кірме – ввод с бумажно-масляной изоляцией*

## Қ

қабылдағыштық – восприимчивость

қайтым – возврат

қалыпты – нормальный

*қалыпты жағдай – нормальное условие*

*қалыпты жиілік – нормальная частота*

қатынас – соотношение

қима – сечение

*көлденең қима – поперечное сечение*

қозғалтқыш – двигатель

*жазық асинхронды қозғалтқыш – линейный асинхронный двигатель*

*қозғалтқыш-генератор – двигатель-генератор*

*қозғалтқыш-түрлендіргіш – двигатель-преобразователь*

*қысқа тұйықталған роторы бар асинхронды қозғалтқыш – асинхронный двигатель с короткозамкнутым ротором*

*реттелетін айналу жылдамдығы бар қозғалтқыш – двигатель с регулируемой скоростью вращения*

*сақиналы асинхронды қозғалтқыш – асинхронный двигатель с кольцами*  
*синхронды қозғалтқыш – синхронный двигатель*  
*тұрақты ток қозғалтқышы – двигатель постоянного тока*  
*фазалық роторы бар асинхронды қозғалтқыш – асинхронный двигатель с фазным ротором*  
қоздырғыш – возбудитель  
қоздыру – возбуждение  
*қоздыру кернеуі – напряжение возбуждения*  
*қоздыру тізбегі – цепь возбуждения*  
*қоздыру энергиясы – энергия возбуждения*  
*трансформаторды қоздыру – возбуждение трансформатора*  
қоздырушы күш – возбуждающая сила  
қондырғы – установка  
қосалқы станса – подстанция  
қос құйын – парный вихрь  
қос полярлы электрод – биполярный электрод  
қуат – мощность  
*активті қуат – активная мощность*  
*қуат алу орамасы – обмотка отбора мощности*  
*қуат коэффициенті – коэффициент мощности*  
*қуат күшейткіші – усилитель мощности*  
*қуат шығыны – потеря мощности*  
*лездік қуат – мгновенная мощность*  
қуатты – мощный  
*қуатты қозғалтқыш – мощный двигатель*  
*қуатты шектеу – ограничение мощности*  
қуыс ротор – полый ротор  
құйын – вихрь  
*құйын түзілуі – вихреобразование*  
*құйын ядросы – ядро вихря*  
құрылғы – устройство  
*жабық тарату құрылғысы (ЖТҚ) – закрытое распределительное устройство (ЗРУ)*  
*көпфазалы құрылғы – многофазное устройство*  
қыздырғыш – нагреватель  
қысқа тұйықталу – короткое замыкание  
*бірфазалы қысқа тұйықталу – однофазное короткое замыкание*  
*екіфазалы қысқа тұйықталу – двухфазное короткое замыкание*  
*қысқа тұйықталу кедергісі – сопротивление короткого замыкания*  
*қысқа тұйықталу кернеуі – напряжение короткого замыкания*  
*қысқа тұйықталу сипаттамасы – характеристика короткого замыкания*  
қысқыш – зажим  
қысым – давление  
*қысым күші – сила давления*

*қысым шығыны – потеря давления*

## **Л**

лездік қуат – мгновенная мощность

лездік мән – мгновенное значение

лездік синусоидалы ток – мгновенный синусоидальный ток

лездік электр тогы – мгновенный электрический ток

Лоренц күші – сила Лоренца

Лоренц факторы – фактор Лоренца

## **М**

магнитөткізгіш – магнитопровод

*магниттелу тогы – ток намагничивания*

магниттеуші күш – намагничивающая сила

магниттеуші орауыш – намагничивающая катушка

магниттеуші өріс – намагничивающее поле

магниттік – магнитный

*магниттік ағын – магнитный поток*

*магниттік жүйе – магнитная система*

*магниттік индукция – магнитная индукция*

*магниттік кедергі – магнитное сопротивление*

*магниттік кернеу – магнитное напряжение*

*магниттік күш – магнитная сила*

*магниттік күшейткіш – магнитный усилитель*

*магниттік өріс – магнитное поле*

*магниттік өткізгіш – магнитопровод*

*магниттік өткізгіштік – магнитная проводимость*

*магниттік өтімділік – магнитная проницаемость*

*магниттік тізбек – магнитная цепь*

*магниттік шығындар – магнитные потери*

механикалық – механический

*механикалық кернеу – механическое напряжение*

*механикалық күш – механическая сила*

*механикалық қармауыш – механические клещи*

*механикалық сипаттама – механическая характеристика*

*механикалық шығындар – механические потери*

*механикалық энергия – механическая энергия*

## Н

нөлдік сым – нулевой провод  
нөлдік талсым – нулевая жила

## О

ойық – паз

оқшаулама – изоляция

*қос қабат оқшаулама – двухслойная изоляция*

*ішкі оқшаулама – внутренняя изоляция*

оқшаулатқыш – изолятор

*құрама оқшаулатқыш – комбинированный изолятор*

*оқшаулатқыш денесі – тело изолятора*

*оқшаулатқыш ойығы – паз изолятора*

*оқшаулаушы кедергі – сопротивление изоляции*

*полимер оқшаулатқыш – полимерные изоляторы*

*электр берілісі желісіне арналған оқшаулатқыштар – изоляторы для линий электропередачи*

*тіректі, өткерме, аспалы оқшаулатқыштар – опорные, проходные и подвесные изоляторы*

орам – виток

орама – обмотка

*көмекиші орама – вспомогательная обмотка*

*көпфазалы орама – многофазная обмотка*

*орамааралық қысқа тұйықталу – межвитковое короткое замыкание*

*орама орамы – виток обмотки*

*орама түріндегі оқшаулама – изоляция в виде обмотки*

*орамалардың жалғану тобы – группа соединения обмоток*

*орамалық сым – обмоточный провод*

*ораманың орауышы – катушка обмотки*

*ораманың таратылу коэффициенті – коэффициент распределения обмотки*

## Ө

өзара – взаимный

*өзара индуктивтілік – взаимная индуктивность*

*өзара индукция – взаимная индукция*

*өзара индукция орауышы – катушка взаимоиндукции*

өздігінен желдетілу – самовентиляция

өздігінен қозу – самовозбуждение

өздігінен қосылу – самопроизвольное включение

өздік индукция – самоиндукция

*өздік индукция құбылысы – явление самоиндукции*

өлшеу – измерение

*өлшеу дәлдігі – точность измерения*

*өлшеу құралы – средство измерения*

*өлшеу тізбегі – цепь измерения*

*өлшеуіш аспап – измерительный прибор*

өлшеуіш – измеритель

*өлшеуіш құрылғы – измерительное устройство*

*өлшеуіштік трансформатор – измерительный трансформатор*

өріс – поле

*құйындық электр өрісі – вихревое электрическое поле*

*құйынсыз электр өрісі – безвихревое электрическое поле*

*магнит өрісі – магнитное поле*

*өріс жылдамдығы – скорость поля*

*өріс кернеулігі – напряженность поля*

*өріс теориясы – теория поля*

*өрісті өшіру автоматы – автомат гашения поля*

өткізгіш – проводник

*жартылай өткізгіш – полупроводник*

*иілгіш өткізгіш – гибкий проводник*

өткізгіштік – проводимость

өтімділік – проницаемость

## П

пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) – коэффициент полезного действия (КПД)

пайдалы қуат – полезная мощность

параллель қосу – параллельное включение

пассивті тізбек – пассивная цепь

Пито түтігі – трубка Пито

Пойтинг векторы – вектор Пойтинга

## Р

разрядтауыш – разрядник

*түтікше разрядтауыш – трубчатый разрядник*

реттеу жиілігі – частота регулирования

реттеу жүйесі – система регулирования

реттеуіш – регулятор

*реттеуіш қоздырғыш – регулирующий возбудитель*



*реттеуіш құрылғы – регулирующее устройство*  
ротор – ротор  
*ротордың теңгермелік сынақтары – балансировочные испытания ротора*

## С

сақиналы асинхронды қозғалтқыш – асинхронный двигатель с кольцами  
сақтандырғыш – предохранитель  
*сақтандырғыш құрылғы – предохранительное устройство*  
*сақтандырғыштың ұстағышы – держатель предохранителя*  
сауыт – броня  
сейілу – рассеяние  
*сейілу ағыны – поток рассеяния*  
*сейілу кедергісі – сопротивление рассеяния*  
*сейілу қуаты – мощность рассеяния*  
симметриялы кернеу – симметричное напряжение  
*симметриялы кернеу жүйесі – система симметричного напряжения*  
синусоида – синусоида  
*синусоидалы кернеу – синусоидальное напряжение*  
*синусоидалы тербеліс – синусоидальное колебание*  
*синусоидалы толқын – синусоидальная волна*  
синхронды – синхронный  
*синхронды генератор – синхронный генератор*  
*синхронды генератордың қуаты – мощность синхронного генератора*  
*синхронды машина – синхронная машина*  
сызықты жүктеме – линейная нагрузка  
сызықтық электр тізбегі – линейная электрическая цепь  
сыйымдық – емкость  
сыйымдылық – ёмкость  
сым – провод  
*жерге қосқыш сым – заземляющий провод*  
*электр қондырғысын жерге қосатын сым – заземляющий провод в электроустановке*

## Т

талсым – жила  
тегістеу – выравнивание потенциала  
теңгермелі – балансировочное  
тербелмелі – колебательный  
*тербелмелі контур – колебательный контур*  
*тербелмелі құраушы – колебательная составляющая*

тербеліс – колебание

ТОК – ТОК

*алсіз ток – слабый ток*

*екінші реттік ток – вторичный ток*

*жерге тұйықталу тогы – ток замыкания на землю*

*жылуға төзімділік тогы – ток термической стойкости*

*құйынды токтар – вихревые токи*

*лақпа ток – ток утечки*

*нөлдік реттілік ток – ток нулевой последовательности*

*тәуелді ток көзі – зависимый источник тока*

*ток көзі – источник тока*

*ток күші – сила тока*

*ток өткермесі – токоотвод*

*ток өткізгіш – токопровод*

*ток шектегіш ажыратқыш – токоограничивающий выключатель*

*ток шектеуіш – ограничитель тока*

*токтың бағыты – направление тока*

*тұрақты ток – постоянный ток*

*тұрақты ток қозғалтқышы – двигатель постоянного тока*

*іске қосылу тогы – ток срабатывания*

тұйықталған – замкнутый

*тұйықталған күй – замкнутое положение*

*тұйықталған тізбек – замкнутая цепь*

*тұйықталған электр торабы – замкнутая электрическая сеть*

тұйықталу – замыкание

*екіфазалы қысқа тұйықталу – двухфазные короткое замыкание*

*жерге тұйықталу – замыкание на землю*

*жерге тұйықталу тогы – ток замыкания на землю*

тұрақты ток – постоянный ток

*тұрақты ток көзі – источник постоянного тока*

*тұрақты ток машинасы – машина постоянного тока*

*тұрақты ток шығындары – потери постоянного тока*

*тұрақты токтың генераторы – генератор постоянного тока*

*тұрақты токтың қозғалтқышы – двигатель постоянного тока*

*тұрақты токтың электр машиналары – электрические машины  
постоянного тока*

тұтандыру – зажигание

түйіспе – контакт

*түйіспе жүрісі – ход контакта*

*түйіспесіз аппарат – бесконтактная аппарат*

*түйіспесіз коммутациялық аппарат – бесконтактная коммутационный  
аппарат*

*түйіспесіз машина – бесконтактная машина*

түрлендіргіш – преобразователь

*жиілік түрлендіргіш – частотный преобразователь*  
тізбек – цепь  
*бірфазалы тізбек – однофазная цепь*  
*көпфазалы тізбек – многофазная цепь*  
*электр техникалық құрылғының тізбегі – цепь электротехнического устройства*  
тізбектелген орама – последовательная обмотка  
тізбектеп жалғау – последовательное соединение  
тізбектеп қоздыру – последовательное возбуждение  
тізбектеп қосу – последовательное включение  
тірек – опора  
*екітізбекті тірек – двухцепная опора*

## У

уақыт бойынша қор – запас по времени  
уақыт электр релесі – электрическое реле времени  
ультракүлгін сәулешығарғыш – ультрафиолетовый излучатель

## Ұ

ұйытқу – возмущение  
ұйытқыған ағын – возмущенный поток  
ұйытқымаған ағын – невозмущенный поток  
ұсақтағыш – диспергатор  
ұяшықты шықпа – вывод гнездовой

## Ү

үзіліс – пауза  
үйкеліс – трение  
үшфазалы – трехфазный  
*үшфазалы кедергі – трехфазное сопротивление*  
*үшфазалы қысқа тұйықталу – трехфазное короткое замыкание*  
*үшфазалы орама – трехфазная обмотка*  
*үшфазалы ток – трехфазный ток*  
*үшфазалы трансформатор – трехфазный трансформатор*  
*үшфазалы тізбек – трехфазная цепь*

## Ф

фазаайналдырғыш – фазовращатель  
фазааралық қысқа тұйықталу – межфазное короткое замыкание  
фазааралық окшаулама – межфазная изоляция  
фазааралық тұйықталу – межфазное замыкание  
фаза коэффициенті – коэффициент фазы  
фаза ығыстырушы элемент – фазосмещающий элемент  
фазалық сым – фазный провод

## Ш

шайыр – смола  
шам – лампа  
шама – величина  
*әсер етуші шама – воздействующая величина*  
*шаманың кепілдік мәні – гарантируемое значение величины*  
*шаманың мәні – значение величины*  
*шашырау кедергісі – сопротивление рассеяния*  
шеңберлік – круговой  
*шеңберлік жиілік – круговая частота*  
*шеңберлік от – круговой огонь*  
шығын – потеря  
шықпа – вывод  
*шықпалық сым – выводной провод*

## Ы

ығысу – смещение  
*ығысу тогы – ток смещения*  
ылғал сіңіру – влагопоглощение  
ылғалға төзімділік – влагостойкость

## І

іске қосылу – срабатывание  
*іске қосылу кернеуі – напряжение срабатывания*  
*іске қосылу тогы – ток срабатывания*  
істен шығу – отказ  
ішкі окшаулама – внутренняя изоляция  
ішкі энергия – внутренняя энергия

## Э

электр берілісі – электропередача

*электр берілісі желісі – линия электропередачи*

электр генераторы – электрический генератор

электржабдық – электрооборудование

электр желісі – электрическая линия

*бірфазалы электр желісі – однофазная электрическая линия*

*екітізбекті электр желісі – двухцепная электрическая линия*

электр жетегі – электропривод

*автоматтандырылған электр жетегі – автоматизированный электропривод*

*бейімделгіш электр жетегі – адаптивный электропривод*

*дербес электр жетегі – автономный электропривод*

*топтық электр жетегі – групповой электропривод*

электр кернеуі – электрическое напряжение

*электр кернеуі релесі – электрическое реле напряжения*

электрқозғалтқыш – электродвигатель

электр қозғаушы күш (ЭҚК) – электродвижущая сила (ЭДС)

*электр қозғаушы күш көзі – источник электродвижущей силы*

электр қондырғысы – электроустановка

электр қуаты релесі – электрическое реле мощности

электрмагниттік – электромагнитный

*электрмагниттік ағытқыш – электромагнитная расцепитель*

*электрмагниттік ажыратқыш – электромагнитный выключатель*

*электрмагниттік жетек – электромагнитный привод*

*электрмагниттік күш – электромагнитная сила*

*электрмагниттік толқын – электромагнитная волна*

*электромагниттік қуат – электромагнитная мощность*

электр машиналары – электрические машины

электр өрісі – электрическое поле

электр релесінің қайтымы – возврат электрического реле

электр стансасы – электростанция

*жылжымалы электр стансасы – передвижная электростанция*

электр тогы – электрический ток

*электр тогының жиілігі – частота электрического тока*

электр трансформаторы – электрический трансформатор

электр тұтыну – электропотребление

*электр тұтыну құрылымы – структура электропотребления*

электр шығындары – электрические потери

электр тізбегі – электрическая цепь

*күштік электр тізбегі – силовая электрическая цепь*

электр энергиясы – электрическая энергия

электр энергиясын тұтынушы – потребитель электрической энергии

электр энергиясын түрлендіргіш – преобразователь электрической энергии  
электр энергиясының көзі – источник электрической энергии  
энергетикалық жүйе, энергожүйе – энергетическая система, энергосистема  
энергетикалық қондырғы – энергетическая установка, энергоустановка  
энергия көзі – источник энергии  
энергия қоры – запас энергии, энергоресурс  
энергия тұтыну – энергопотребление  
энергия үнемдейтін қондырғы – энергосберегающая установка  
энергия үнемдеу – энергосбережение  
энергия шығыны – потеря энергии  
энергиямен жабдықтау жүйесі – система энергоснабжения  
энергияның сейілуі – рассеяние энергии

## Я

ядролық отын – ядерное топливо  
ядролық өзара әрекет – ядерное взаимодействие  
ядролық энергетика – ядерная энергетика  
ядролық энергия – ядерная энергия  
якорь – якорь  
*якорь орамасы – обмотка якоря*  
*якорь тізбегі – цепь якоря*

## Әдебиеттер тізімі

1. Әміров Ж., Шидерова Р. Айнымалы токтың электр машиналары: Оқу құралы. - Алматы: АЭЖБИ, 2005. - 82 б.
2. Жұмағұлов Қ., Шидерова К. т.б. Электр машинасы: 050718 – Электрэнергетика мамандығының барлық оқу түрлерінің студенттеріне арналған дәрістер жинағы. - Алматы: АЭЖБИ, 2008. - 93 б.
3. Иманбаев Х., Оңғар Б. Электр тізбектерінің теориясы 1: Дәріс жинағы. - Алматы: АЭЖБИ, 2006. - 86 б.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Энергетика / жалпы редакциясын басқарған п.ғ.д., профессор Құсайынов А. - Алматы: Республикалық мемлекеттік Рауан баспасы, 2000. - 320 б.
5. Оржанова Ж., Генбач Н., Сажин В. Электрлік тораптар мен жүйелер: Дәрістер жинағы. – Алматы: АЭЖБУ, 2011. - 38 б.
6. Сагитов П., Жумагулов К., Тойгожинова Ж. Айнымалы токтың электр машиналары: Оқу құралы. - Алматы: АЭЖБУ, 2012. - 81 б.
7. Советова З.С. Кәсіби қазақ тілі: 5В071700 – Жылу энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар. - Алматы: АЭЖБУ, 2014. - 43 б.
8. Төлеуп М.М. Кәсіби қазақ тілі: 5В071800 – Электр энергетикасы бағыты студенттеріне арналған әдістемелік нұсқаулар. - Алматы: АЭЖБУ, 2013. - 35 б.
9. Хожин Г., Күзембаева Р., Соколов С. Электр станциялары және қосалқы станциялар: 050718 – Электроэнергетика мамандығы бойынша оқитын барлық оқу түрінің студенттеріне арналған дәрістер жинағы. - Алматы: АЭЖБИ, 2008. - 65 б.
10. Шидерова Р., Әміров Ж. Тұрақты токтың электр машиналары мен трансформаторлар: Оқу құралы. - Алматы: АЭЖБИ, 2004. - 83 б.

## Мазмұны

Алғы сөз	3
1 Кәсіби терминдерді меңгертуге бағытталған тапсырмалар	4
1.1 Терминдер және олардың жасалу тәсілдері	4
1.1.1 Синтетикалық тәсіл	6
1.1.2 Лексика-семантикалық тәсіл	8
1.1.3 Аналитикалық тәсіл	10
2 Қазақша-орысша терминологиялық сөздік	14
Әдебиеттер тізімі	31



КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

5B071800 – Электр энергетикасы мамандығы студенттеріне арналған  
әдістемелік нұсқаулықтар және терминдер сөздігі

Редактор Телғожаева Қ.С.

Стандарттау бойынша маман Молдабекова Н.Қ.

Басуға қол қойылды \_\_\_\_ . \_\_\_\_ . \_\_\_\_ .

Таралымы 200 дана

Көлемі 2,1 оқу-басп.т.

Пішімі 60x84 1/16

№1 баспа қағаз

Тапсырыс \_\_\_\_ . Бағасы 1050 теңге.

«Алматы энергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
көшірмелі-көбейткіш бюросы  
050013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126